



**БИЛЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ  
ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?**

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



**БАҒДАРЛАМА  
НЕСІМЕН ТИІМДІ?**

6-БЕТ | САРАПТАМА



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ЖЫЛДАР БОЙЫ ЕЛОРДАНЫҢ АЙНАЛАСЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК БЕЛДЕУІН ДАМУ ТУРАЛЫ АЙТЫЛДЫ, БІРАҚ БҰЛ ЖҰМЫС ОРЫНДАЛМАДЫ. АСТАНА АЗЫҚ-ТҮЛІКТІ АЛМАТЫДАН 4 ЕСЕ, АЛ ШЫМКЕНТТЕН 2 ЕСЕ АЗ ӨНДІРЕДІ. КЕЙІНГІ 8 ЖЫЛДА ЕЛОРДАҒА ӘКЕЛІНЕТІН АЗЫҚ-ТҮЛІК ИМПОРТЫ 3 ЕСЕГЕ АРТТЫ. ЖЕРГІЛІКТІ ҚАЙТА ӨНДЕУ КӘСІПОРЫНДАРЫ ТЕК ЖАРЫМ-ЖАРТЫЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰР. КӨКӨНІС САҚТАЙТЫН ҚОЙМАНЫҢ ЖЕТІСПЕУІ САЛДАРЫНАН ЖАҒДАЙ ҚИЫНДАП ОТЫР. СОНДЫҚТАН 2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ҚАЛАДА 13 МЫҢ ТОННАДАН АСТАМ КӨКӨНІС САҚТАЙТЫН ҚОЙМАЛАР САЛУ КЕРЕК.

№93  
(4526)  
Сейсенбі  
8 тамыз  
2023 жыл



# ASTANA

**ELORDA  
AQPARAT**  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

**A Q S H A M Y**

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Сұлтан СЕЙІТ



## 6 АЙЛЫҚ ӨСІМ АЗ ЕМЕС

Биыл 6 айда елордада 15 121 нәресте өмірге келді. Бұл туралы Астана қаласының коммуникациялар қызметі алаңында «Жаңа туған нәрестелер мен аналардың денсаулығын сақтау туралы» тақырыбында өткен брифингте айтылды.

Тамыздың бірінші аптасында табиғи жолмен емізудің бала денсаулығына пайдасын түсіндіру үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, ЮНИСЕФ және көптеген елдердің денсаулық сақтау министрліктері, азаматтық қоғам өкілдерінің қолдауымен Дүниежүзілік омырау сүгімен емізу апталығы ұйымдастырылды. «2023 жылғы апталық ана сүтінің қаншалықты пайдалы екенін түсіндіруге, жұмыс істеп жүрген әйелдердің проблемасына, омырауда балалары бар аналардың құқығын қорғауға арналады» деді Астана қаласының бас педиатры Дана Әбілғазина.

САНСӨЙЛЕМ

МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН  
ЭЛЕУМЕТТІК ОСАЛ  
САНАТТАҒЫ

# 450 000

АСА БАЛАҒА ҚАРЖЫЛАЙ  
ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

## АСТАНАНЫ ДАМУ – ӘРДАЙЫМ КҮН ТӘРТІБІНДЕ

Елордада Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Астана қаласын одан әрі дамытудың жоспары талқыланды. Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте елорда әкімі есеп берді.

### «ЖАЙЛЫ МЕКТЕПТЕР» КӨБЕЙДІ

Астанада «Жайлы мектеп» жобасын іске асыру жұмыстары басталды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елордада ұлттық жоба аясында 24 «Жайлы мектеп» салынады. Жаңа форматтағы мектептер екі ауысымда 90 мыңға жуық оқушыға арналған орын ашуға мүмкіндік береді.

2



### СОЛТҮСТІККЕ КӨШСЕН, ЖӘРДЕМ БАР

Астана қаласының еңбек мобильділігі орталығында «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» Ұлттық жобасы аясында 2023 жылғы Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданына қоныс аудару бойынша кеңес өтіп жатыр.

Бағдарламаның мақсаты – базалық қызметтерге халықтың тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық жағдайды жақсарту және тұрғын үй құрылысын дамыту, сондай-ақ көліктік байланысты қамтамасыз ету және елдің көліктік-транзиттік әлеуетін жоғарылату есебінен азаматтардың қолайлы өмір сүру ортасын құру. Қоныс аудару кезінде азаматтарға мынадай жәрдем жасалады:

- Тұрғын үй сатып алуға сертификат 4 млн теңгеге дейін беріледі;
- Отбасының әрбір мүшесіне берілетін субсидия – 70 АЕК (241 500 теңге);
- Тұрғын үй жалдау ақысын төлеу – 1 жылға дейін;
- Қайтарымсыз гранттар – 400 АЕК (1 380 000 теңге);
- Тұрақты жұмыс табуға көмектесу (бүгінде барлығы 118 бос жұмыс орны бар).

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 487.28 \$ USD/KZT 445.29 ₰ RUB/KZT 4.69 ¥ CNY/KZT 61.99

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



№93 (4526) 08/08/2023 Сейсенбі



## ОСАЛ ТОПТАРҒА – АЙРЫҚША НАЗАР

Мемлекет басшысы Халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл Светлана Жақыпованы қабылдады. Кездесу барысында халықтың тұрмыс сапасын арттыру және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін институттық деңгейде жаңғырту мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Светлана Жақыповаға халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарының құқықтарына кепілдіктер мен олардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөнінде бірқатар тапсырма берді. Атап айтқанда, Президент көпбалалы аналар,

жалғызбасты аналар және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған аналар секілді әлеуметтік санаттағы топ өкілдерімен проактивті жұмыс істеу, сондай-ақ заңнама аясында олардың құқықтары мен мүдделерінің сақталуына қатаң бақылау жүргізу қажеттігін айтты.

Президент мүгедектігі бар адамдардың мәселесін шешуге айрықша назар аударып, осы санатқа жататын отандастарымыздың тұрмыс сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін заңнамалық және институттық базаны жетілдіруге қатысты ұсыныстар әзірлеуді тапсырды.

## АСТАНАНЫ ДАМУ – ӘРДАЙЫМ КҮН ТӘРТІБІНДЕ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Елорда әкімі Жеңіс Қасымбек жаңа бағдарламалық құжаттарды, оның ішінде Астананы дамытудың 2035 жылға дейінгі бас жоспарын, 2030 жылға дейінгі қайта жаңарту бағдарламасын және Көгалдандырудың бірінші тұжырымдамасын әзірлеу жұмыстары туралы баяндады.

Сонымен қатар қала басшысы 3-ЖЭО-ның бірінші кезегінің және жалпы қуаты 1 130 Гкал болатын екі газ жылу станциясының құрылысы туралы айтып берді. Бұл тұрғын үй құрылысының қазіргі қарқыны сақталса, 2026 жылға дейін жылу энергиясы қорын жинауға мүмкіндік береді.

– Сумен жабдықтау бойынша ұзындығы 44 шақырым су құбырының екінші желісін салу жұмыстары жүріп жатыр. Сондай-ақ Нұра жерасты суларынан жүретін арнайы құрылыстар кешенін, Тельман сорғы станциясын кеңейтуді, Қ.Сәтпаев каналынан жүретін жаңа су құбырының жобаларын және

төртінші сорғы-сүзгі станциясын пысықтау жұмыстары жүріп жатыр. Жоспарлардың орындалуы 2035 жылға дейін қажетті қорды қамтамасыз етеді. Бүгінгі таңда қалада су тапшылығы жоқ.

Көлік инфрақұрылымын дамытуға келетін болсақ, биыл автожолдарды салу және жөндеу, сондай-ақ Тәуелсіздік көпірін аяқтау бойынша 30 жоба іске асырылуда. Алдағы уақытта Тәуелсіздік даңғылын Қабанбай батыр даңғылына дейін жалғастыру жұмыстарын бастау жоспарланып отыр, бұл сол жағалаудағы негізгі артериялардың жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді. Оған қоса Газмашаппаратура ауданында (Кенесары көшесінің бастапқы жағы) екі көпір салу пысықталуда, олар Тұран даңғылы мен Айтматов көшесіндегі жүктемелі азайтуға мүмкіндік береді, – деді қала әкімі.

Сонымен қатар елорда әкімі үлескерлердің мәселелерін шешу, ірі кәріз-тазарту құрылысын жобалау, LRT жобасын жүзеге асыру және басқа да бірқатар мәселені

пысықтау туралы айтып берді.

Мемлекет басшысы берген тапсырмалардың орындалуы туралы өз салалары бойынша Премьер-министрдің орынбасары – еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев, Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сулейменова, Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев, Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек баяндама жасады.

Премьер-министр елорданы дамыту мәселелерін шешу Үкімет жұмысының маңызды бағыттарының бірі екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы атап көрсеткен барлық мәселе бойынша қажетті шараларды іске асыруда жалғастыру керек. Атап айтқанда, елорда әкімдігі бөлінген қаржыландыруды пайдалана отырып, барлық инфрақұрылымдық жобалау, оның ішінде үлескерлері бар проблемалық құрылыс нысандарында құрылыс-монтаждау жұмыстарының уақытылы аяқталуын қамтамасыз етуі тиіс» деді Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар Премьер-министр республикалық бюджетті қалыптастыру және нақтылау кезінде Астананың басым жобаларын қаржыландыруды қарастыруды, сондай-ақ жыл соңына дейін елорда агломерациясын дамытудың кешенді жоспарын әзірлеп, оны Үкіметке енгізуді тапсырды.

## «ЖАЙЛЫ МЕКТЕПТЕР» КӨБЕЙЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

24 «Жайлы мектептің» 15-і қарқынды дамып келе жатқан Нұра мен Есіл аудандарында орналасады. Сондай-ақ «Жайлы мектептер» қаланың елді мекендерінде де бой көтереді.

– Қазіргі уақытта 15 «Жайлы мектеп» бойынша жұмыс басталды. Жер учаскелерін дайындау бойынша жұмыс жүріп жатыр: қоршаулар, инженерлік-геологиялық іздеу, тіреулерді бітеу, құрылыс

техникасын жұмылдыру және т.б. жұмыстар істеліп жатыр. 14 мектептің құрылысы жүріп жатыр, оның 11-і жаңа оқу жылы ішінде ашылатын болады. Мектептердің құрылысы жаңа аудандарда да, қаланың оң жағалауында да, елді мекендерде де жүргізіліп жатыр. Олардың бір бөлігі апатты жағдайдағы мектептермен алмастырылады, – деді қала әкімі Жеңіс Қасымбек.

Сондай-ақ қала әкімі өзге де бірқатар мемлекеттік

мектептің құрылысымен танысып, тиісті тапсырмалар берді. «Тұран даңғылы мен №24 көшенің, Қарасай батыр мен Бұланты көшелерінің қиылысындағы, Көксеңгір көшесіндегі мектептер, сондай-ақ қазіргі №17 және №27 мектептердің жанындағы жаңа ғимараттарды аралап, құрылыс жұмысымен таныстым. Бас қаламыз «Жайлы мектеп» жобасын сәтімен орындау үшін өнімді жұмыс жүргізеді» деп атап өтті қала әкімі.



## ТЕМІРЖОЛШЫЛАР САЯБАҒЫ АШЫЛДЫ

«ҚТЖ» ұлттық компаниясы көлік қызметкерлері күні қарсаңында елорда тұрғындары мен қонақтарына «Салтанат қақпасы» монументінің жанынан жаңа шағын гүлзарды сыйға тартты. Алаңның ашылу салтанатына қала әкімі Жеңіс Қасымбек пен «ҚТЖ» ҰҚ АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев және жалпы қала жұртшылығы қатысты.



Бір жағы алаңның ашылуы 5 тамыз Есіл ауданының туған күніне орай өтті. Алаңның жалпы ауданы 1 га құрайды. Бақта демалу және спортпен шұғылдану үшін балалар ойын алаңы, workout жаттығу құрылыстары, орындар орнатылған. Сквердің құрылысы ұлттық компания мен Есіл ауданының әкімдігі арасында бұрын қол қойылған меморандум аясында жүзеге асырылды.

– Қоғамдық кеңістіктер қашан да тартымды орындардың біріне айналады әрі елорда тұрғындары мен қонақтары арасында сұранысқа ие. Биыл біз 165-тен астам аула мен қоғамдық кеңістіктерді, яғни саябақтар,

гүлзарлар, желекжолдарды абаттандыруды жоспарлап отырмыз. Жұмыстың басым бөлігі аяқталды. Бүгін, міне, Есіл ауданының мерейтойы қарсаңында осы ауданнан гүлзар сыйлаған теміржолшыларға алғыс білдіре отырып, оларды кәсіби мерекесімен құттықтаймын! Сіздерге бақыт, жұмыстарыңызға табыс және отбасыларыңызға амандық тілеймін, – деді қала әкімі.

Ол биыл орталық жағалаудың тарихи Желтоқсан, Бейбітшілік, Бұқарбай батыр және тағы басқа көшелерінде жаяу жүргіншілер жолы құрылып, Қ.Мұңайтпасов көшесінен Петров көшесіне дейінгі жұмыстар аяқталға-

нын жеткізді. Жаяу жүргіншілер жолының жалпы ұзындығы 3,5 км құрайды. Қаланың барлық аудандарында қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды абаттандыру жұмысы қарқынды жүргізіліп жатыр.

Жаңа алаңға 300-ге жуық жапырақты ағаштар, атап айтқанда, үйеңкі, жөке, мойыл және т.б., 3000 астам бұталар мен гүлдер отырғызылған. Бақта автоматты суару ойластырылған, альпілік белдеулермен жабдықталған, көгал жабыны төселген. Теміржолшылар елордаға ерекше сыйлық ұсынуға мүмкіндік бергені үшін әкімдік өкілдеріне ризашылық білдірді.

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Қытайдың Шулан қаласында «Доксури» дауылынан туындаған тасқыннан 14 адам көз жұмды.

Бұл аймақта өткен аптада 20 тұрғын қайтыс болған еді. Тағы 130 мыңнан астам кісі табиғи апаттан зардап шеккен. Цзилинь провинциясында 79 мың тұрғын қауіпсіз жаққа көшірілді. Сондай-ақ Ухань қаласын да су басып, 40 мыңнан аса адам эвакуацияланды. Тасқын 2800 гектарға жуық күріш алқабын шайып кеткен.



«Барби» фильмінен түскен табыс көлемі 17 күннің ішінде 1 млрд доллардан асты.

Билеттердің жартысын Солтүстік Америка тұрғындары сатып алған. Variety басылымының мәліметі бойынша, картинаның режиссері Грета Гервиг осыны рекордты көлемде ақша тапқан алғашқы әйел атанды. Бұл Warner Bros компаниясы үшін үлкен жетістікке айналды. Бұған дейін Гарри Поттер туралы фильм 19 күнде 1 миллиард доллар түсірген еді.



Пәкістанның оңтүстігінде жолаушылар пойызы апатқа ұшырап, 30 адам опат болды.

Тағы 80 жолаушы жарақат алды. Апат Синд өңіріндегі Навабшах қаласының маңында болды. Пойыздың оннан аса вагоны шойын жолдан шығып кеткен. Апатқа не себеп болғаны әлі белгісіз. Жалпы Пәкістанның теміржолдарының көбісі әбден тозған, отаршылық дәуірінен бері жаңғыртылған жоқ. Сондықтан елде осындай оқиғалар жиі болып тұрады.



## АУЛА КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

Астана қаласы Байқоңыр ауданында Аула күні аталып өтті.

Аудандағы аула клубтары қызметінің негізгі міндеті – халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан жастарды бұқаралық спортқа, шығармашылық үйірмелерге тарту, өмірлік қажетті дағдыларға үйрету арқылы олардың өмір сүру сапасын арттыру. Осыған байланысты Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» ұйымы мен Байқоңыр ауданы бойынша аула клубтарының тәрбиеленушілері үшін «Аула күні» жобасы шеңберінде бірқатар іс-шаралар өткізілді.

Жоба аясында концерттік іс-шаралар мен жарыстар, оның ішінде: қазақша күрес, футболдан турнир, тоғызқұмалақ, арқан тарту, каратэ, армреслинг және басқа да спорт түрлерінен сайыстар мен турнирлер өткізілді.



## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАРЫСЫ

Елордада Астана әкімдігінің қолдауымен «Сен – менің жүрегімнің чемпионысың» атты донорлық мәселелеріне арналған екінші қайырымдылық жарысы өтті.



Жарысты «Жүрек орталығы» қоры ұйымдастырды, ол дәрігерлерге ғылым, білім және ағартушылықты біріктіре отырып, жүрек ауруымен күресуге көмектеседі.

– Біз өткен жылы 500 қатысушыдан бастап, биыл 1300-ге жеткенімізге қуаныштымыз. Сондай-ақ

қашықтыққа жүгіретін адамдарды мақтан тұтамыз, өйткені олардың барлығы – нағыз қаһармандар. Мәселен, олардың қатарында диализден өткен және бүйрек трансплантациясын күту парағында жүрген жігіттер бар. Бұл – нағыз батылдық пен өмірге деген сүйіспен-

шіліктің үлгісі. Бұл жарыс Қазақстанда донорлықты дамыту туралы өте маңызды және күрделі, бірақ этикалық және ыңғайлы диалог алаңына айналды. Бұл диалог осы алаңда сәтті дамып келе жатқанына сенімдіміз, – деді Қордың коммуникациялар жөнін-

дегі менеджері Екатерина Мостовая.

Есен – 10 шақырым қашықтықтағы жарысқа қатысушы күту тізіміндегі пациенттердің бірі. Ол – ҚР Қорғаныс министрлігінің элиталық арнайы жасақ бөлімшесінде әскери қызметші болған және қоян-қолтық ұрыстан спорт шебері. Бірақ карьерасын тоқтатуына тура келді: «Гломерулонефрит» диагнозына байланысты ол трансплантация жасауы керек. Қазір гемодиализ алып, емделіп жүр. «Диагноз үкім емес. Біз өзімізді формада ұстауымыз керек, біз сияқты адамдардың қалай өмір сүретінін көрсетуіміз керек. Мен күту тізіміндегі қалған пациенттерді спортпен шұғылдануға, жүгіруге, өмірді сүйуге және ауруға берілмеуге шақырым келеді» дейді Есен.

Жарыстан жиналған барлық қаражат донорлық саладағы мамандарға арналған білім беру жобаларын, сол сияқты қор мен трансплантатуды үйлестіру жөніндегі республикалық орталық арасындағы меморандум аясындағы жобаларды іске асыруға бағытталатын болады.

## КӨПІР АШЫЛСА, КЕПТЕЛІС АЗАЯДЫ

Елордада Тәуелсіздік даңғылы бойында салынып жатқан көпірді жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланып отыр. Бұл туралы Астана қаласы әкімдігі аппаратының жетекшісі міндетін атқарушы Нұрлан Әлімжанов мәлімдеді.

– Жыл соңына дейін Тәуелсіздік көпірі арқылы жол қозғалысын қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Аталған көпір жол қозғалысын едәуір жеңілдетуге мүмкіндік береді. Айтар болсақ, Тәуелсіздік даңғылы, жаңа теміржол вокзалы ауданы, Қошқарбаев даңғылы, Нәжімеденов көшесі, Әзірет Сұлтан мешіті ауданы, Байтұрсынов көшесі, Қордай, Айнакөл, Момышұлы даңғылы және тағы басқа



көшелер бойында жол қозғалысының аясы кеңейе түспек, – деді Нұрлан Әлімжанов.

Тәуелсіздік көпірінің жалпы ұзындығы – 910 м, ені – 36 м, ал шамдардың биіктігі 5-тен 16 метр аралығында болады.

Көпірде 4 баған бар, олар ою-өрнектермен безендіріледі. Көпірдің жоспарына сәйкес, кең тротуарлар, велосипед жолақтары және кіреберіс қарастырылған. Сондай-ақ бұқаралық спортты насихаттау мақсатында ойын алаңдары мен көпір маңында қоғамдық кеңістіктер құру жоспарланып отыр.

## Мұхиттардың қалқыма беті 20,96 градусқа дейін жылыды.

Еуропалық Одақтың жер бетін бақылау бағдарламасы осындай дерек тіркеді. Бұл – бұрын-соңды болмаған құбылыс. Ғалымдардың мәлімдеуінше, жер бетіндегі алып су көздерінің ысы бастауы 2016 жылы қатты байқалған. Ол кезде мұхиттардың жоғарғы қабаты 20,95 градусқа жылыған. Ал Дүниежүзлік метеорологиялық ұйымың болжауынша, алдағы 5 жылда жер беті бұдан да ысып, мұхит сулары жылы түсетін түрі бар.



## Нидерландта ең жылдам қуатталатын электр көлігі жасалды. Оның батареясы 3 минут 56 секундта толық зарядталады.

Оның үстіне бұл аккумулятор жарыс көліктеріне арналған. Сондай-ақ батарея қуаттау кезінде қызып кетпейді. Авторлар құрылғының ішіне салқындатқыш сұйықтығы бар пластиналар салған. Электрокар толық зарядпен 250 шақырымға дейін жүре алады.

## АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

## ҚАНДАСТЫҢ ҚАМЫНАН, БИДАЙДЫҢ НАНЫ АРТЫҚ ПА?

Жақында елімізге Ауғанстанның билік өкілдері келді. Біздің билік өкілдері тәліптермен екі ел арасындағы сауда-саттықты дамыту жөнінде кеңесті. Қазақстан – Ауғанстан бизнес-форумы аясында елордада Ауғанстаннан тауарлар көрмесін де өткізді.

Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Тәліптер Ауған билігін қайта қолына алған кезде өңірлік қауіпсіздік мәселесіне байланысты бірқанша жиналыстар өткізіп, қырағылығын арттырған Қазақстанның аяқ астынан тәліптердің талабын тындап, қабағына қарай қалуын сыртқы әлем де сан-саққа жүгіртіп жатыр. Кейбір сарапшылар «өңірлік қауіпсіздік үшін тәліптермен тіл табысу қажет болды» деп түспалдаса, ал кейбір сарапшылар «Украинадағы жағдайға байланысты Ресей астығының бағасы төмендеп, Қазақстаннан астық сатып алып отырған елдердің көбі Ресей астығын сатып алып, Қазақстанның астығы өтпей қалды да, Қазақстан Ауғанстанға астық сатуға мәжбүр болды. Бұл жолғы кездесу өне соның айғағы» деп болжам жасайды. Бізше де соңғы болжамның жаны бар секілді, өйткені біздің ел келісім бойынша алдағы уақытта Ауғанстанға астық сатуға уағдаласты.

Дей тұрғанмен, осы реткі кездесуде астық мәселесі айтылды да, Ауғанстандағы қазақ мәселесі ескерусіз қалды. 2021 жылы тәліптер билік басына қайта келіп, Ауғанстан елінде «қаш-қаш» басталған кезде Қазақстан Қарулы күшінің арнайы ұшағы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Ауғанстаннан 35 қандасты тарихи отанына көшіріп әкелді. Сол кезде бәріміз «бәрекедді» айтып, қуанып едік. Бірақ бұл іс аяқсыз қалды. Одан кейін де қаншама қазақ «Тоқаев аға, елімізге алып кетіңізші!», «бізге көмектесіңіздерші» деп өтініш жасағанымен, билік «олар қазақ емес», «қазақ екенін дәлелдесін», «құжаттары жоқ» деген секілді әртүрлі сылтау айтып, тәліптердің таптауында қалып бара жатқан қандастарға еш қайыр қылған жоқ. Есесіне «Олар ешқандай айғақ-дәлел ұсына алмады. Кейбірі қазақша мүлде білмейді, Ауғанстанға ата-бабасы

қалай барғанын, руын айта алмайды» деп мәлімдеді (2021 жылы 18 тамыз күні СІМ өкілі). Астанаға тәліптер келе жатыр дегенде билік сол қандастардың мәселесін қайта қауайтын шығар деп үміттенген едік. Бақсақ, ол үмітіміз де селге кеткен сияқты.

1991 жылдан бері Ауғанстаннан 13 мыңға жуық адам тарихи отанына көшіп келді. Олардың айтуынша, Ауғанстанда қалған қазақтардың қазіргі ұрпағы жергілікті халыққа сіңіп кеткендіктен, кейбіреуі ана тілінен ажырап қалған, отбасында өзбекше я дари тілінде сөйлейді. Олардың саны да аз емес. Ал Қазақстан Сыртқы істер министрлігі болса, Ауғанстанда 200-дей ғана қазақ бар деп санайды. Бірақ, соңғы дерек бойынша Ауғанстанның Кабул, Мазари-Шариф, Құндыз сияқты қаларының өзінде неше жүз қазақтың бар екені мәлім болды. Кабулда жұмыс істеп тұрған қазақ мәдениет орталығы да бар екен. Ауғанстан қазақтары Қазақстанға көшіріп алу жұмысына атсалысып жүрген бастамшыл топ мүшелерінің айтуынша, Ауған елінде 6000-ға жуық адам «қазақпыз, қазақ еліне көшкіміз келеді» деп өтініш білдірген. Демек, Ауғанстанда бірнеше жүз емес, бірқанша мың қазақ тұрады. Ендеше біздің билік неге олардың жағдайына назар аударып, алдымызға өзі келген тәліптерден қандастардың өміріне араша сұрамайды?! Ауған қазақтары десе біздің билік «қазақ тілін білмейді», «құжаттары жоқ» деген сылтау айтады. Қазақ тілін білмейтін қазақ «балапан басына, тұрымтай тұсына» кеткен Ауғанстанды қойып, осы қазақ елінің өзінде де толып жүр емес пе?! Екіншіден, тәліптер наннан тарығып, бізбен саудаласуға келгенде біздің билік неге осы орайды пайдаланып, ол елдегі қандастар мәселесін де қозғамды?! «Бидай сататын болдық» деп мақтанатындай қандастың қамынан, бидайдың наны артық па?! Ойланатын мәселе.

## ТОҚТАУ СУДЫ ТАЗАРТТЫ

Астана тоқтаусыз жауған жаңбырға байланысты 100-ден астам техника жұмылдырылды.



«Elorda eco system» мекемесі жерүсті суларды бұруды қамтамасыз ету мақсатында тұрақты негізде тиісті шаралар жүргізіп жатыр: коллекторлар мен жаңбыр қабылдағыштарды тазарту, құбырларды бұландыру, су шығару. Сондай-ақ нөсер кәріз жүйелері мен тазартуға арналған құрылыс

жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұған дейін осы іс-шаралардың арқасында 201 проблемалы учаскедегі су тасқыны мәселесін шешуге мүмкіндік берді.

2023 жылы жерүсті суларды бұру үшін 2,5 км магистральдық нөсер кәріз желісін салу жоспарланып отыр.







# БИЛЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?

Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕ

## ДЕЛДАЛДЫҢ ДӘУРЕНІ ЖҮРІП ТҮР

Алдымен Қызылорда қаласынан Павлодарға дейін (Жезқазған арқылы) жүретін 117Х нөмірлі пойызынан билет іздедік. Таба алмадық. Сосын Түркістан-Павлодар бағытындағы 046Х нөмірлі пойызынан қарадық. Бір билет шықты.

Амал жоқ. Жаңақорған кентінен Түркістанға дейін автокөлікпен келіп (арақашықтығы 100 шақырым), пойызға отырды. Қайтар жолда «Алматыға барамын» деді.

Астана қаласы тоғыз жолдың торабында орналасқан, ары-бері ағылып жатқан жолаушылар пойызы көп, билет табылар дедік. Бұл қате тұжырым екен. Бірнеше күн Алматы-Астана бағытында қатынайтын пойыздардан билет қарадық. Ақыры үстіңгі орыннан билет таптық-ау. Амал жоқ, жастар орын берер деген үмітпен жолға шықты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке пойыз билетінің тапшылығын шешуді тапсырды. Алайда өз шешімін әлі тапқан жоқ.

Ел бойынша жолаушылар тасымалы нарығында 10 компания қызмет етеді. «Жолаушылар тасымалы» АҚ қарасты қассаның саны 250 болса, жекеменшік қасса 4,5 мыңнан асады. Бүгінде соңғысының дәурені жүріп, қызметі бақылаусыз қалды. Теміржол вокзалындағы кассирлер де түрлі айла-нәсілдермен, реті келсе ақша жасап қалғысы келеді.

Әлеуметтік желінің белсендісі **Абай Ескендіров:** «Бір адамға 20 билет сатады. Сосын алыпсатарлар вокзал маңындағы жолаушыларға 5 мың теңге қосып пұлдайды. Кассирде қалатыны 3 мың теңге, алыпсатардың пайдасы 2 мың теңге» деп жазды.

Қасса жолаушыларға тек жеке куәлік бойынша билет сатады. Алайда алыпсатарлар билетті ертерек сатып алады, әрі 20-30 билетті бірден алады. Билетті өткізудің де жолы көп. Егер делдалдар алақтықтың бұл түрімен ұсталса, онда 5 айлық есептік көрсеткіш (12 мың теңге) көлемінде айыппұл төлейді. Еуропа елдерінде заң қатан, әрі айыппұл көлемі – 1000 еуро.

## ЖЫЛДАМДЫҚПЕН ДЕ МАҚТАНА АЛМАЙМЫЗ

Жақында Қуаныш Есқабыл есімді азамат круиз-турмен Еуропа елдерін аралап келді. Оның сөзінше, Испанияда да, Францияда да, Италияда да билет тапшылығы сезілмейді. Мейлі ұшаққа болсын, мейлі пойызға болсын билетті кез келген уақытта қассаға барып таба аласыз. Салыстырмалы түрде билетті бағасы да қолжетімді.

– Түркияның Ыстанбулынан Францияның Марсельіне дейін кемемен жеттім. Сосын Парижге пойызбен бардым. Бұл елдің оңтүстік-шығысы мен солтүстік-батысындағы екі қаланың қашықтығы 700 шақырым. Пойызбен 2 сағатта жеттік. Енді есептеп көріңіз, Астана мен Семейдің арасы 630 шақырым, пойызбен 12 сағатта жетесіз. Керек кезде билет табу да қиын, бағасы да қалтаға салмақ салады, – деді Қ.Есқабыл.

Еуропалықтар үшін 1000 шақырымды 3-4 сағатта бағындыру қалыпты жағдай болғанмен, бізде ертегі сынды. ХХІ ғасырда өркендетті елдердің бір өлшемсіз – жылдамдық. Жоғары жылдамдықпен жүретін елдердің рейтингісін зерделедік.

Көш басында Жапония тұр. Бұл

Жылда жаз айларында билет мәселесіне тап келеміз. Өткенде ауылдан анам Астанаға келетін болып, билет іздедік. Жаңақорғаннан Астанаға дейін бірнеше пойыз жүреді. Білгіштер айтқан барлық амал-айлаға жүгіндік. Жоқ! Билет таппадық.



елдің «L0 Series Maglev» пойызы сағатына 602 шақырым жылдамдықпен жүреді. Неткен жылдамдық десейсің! Тіпті көз іліспейді-ау, шіркін! Одан кейін Қытайдың «CRRC Qingdao Sifang Maglev» пойызы сағатына 600 шақырымды бағындыра алады. Үздік үштікті Францияның «TGV POS» пойызы түйіндеді. Оның жылдамдығы – сағатына 575 шақырым. Кореяның «NEMU-430X», Италияның «Frecciarossa 1000» және Испанияның «Alta Velocidad Espanola» пойызы жоғары жылдамдықты қатынас құралаына жатады.

Әлем елдері рейтингісінде Өзбекстан 17-орыннан көрінді. Бұл – Орта Азия елдеріндегі жоғары көрсеткіш. Ташкент пен Самарқанды жалғайтын пойыз 255 км/сағ жүреді.

Теміржол саласының ардагері Хайрулла Сәрсенбаевтың сөзінше, пойыздар жоғары жылдамдықпен жүруі үшін алдымен инфрақұрылымды оңалту маңызды. Яғни рельс жолын халықаралық стандартқа сәйкестендіріп, электр желісін тартып, жолдағы қауіпсіздік үшін арнайы қоршаумен оқшаулануы керек. ХХ ғасырдың басында салынған теміржол желісі жоғары жылдамдықты пойызды қабылдауға мүмкіндігі жоқ. Егер ҚТЖ жоғары жылдамдықты пойыздар желісін құрғысы келсе, бірінші кезекте инфрақұрылым мәселесін шешуі керек.

## ЖҮЙЕЛІ ЖҮМЫС БАР МА?

Бұл ойды «Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз хатшысы **Нариман Дүйсекеев** дәлелдеуге тырысты.

– Билеттерге сұраныстың артуы негізінен мереке күндері, жазғы және қысы кезеңдерде пайда болады. Ұлттық тасымалдаушы билетке сұранысты қанағаттандыру үшін «Күту парағын» іске қосты. Жолаушы кезекке пойыз жолға шыққанға дейін 7 күн бұрын тұрады. Бос орындар пайда болғанда жолаушының жеке кабинетіне SMS хабарлама келеді. Қызметтің бұл түрі [bilet.railways.kz](http://bilet.railways.kz) сайты арқылы іске асады, – деді ол.

«Күту парағымен» билет тапшылығы түбегейлі шешілмейтіні анық. Мәселе маусымдық мезетте қомақты қаржы табуды әдетке айналдырған адамдардың заңсыз әрекетін тиюмен өлшенеді. Ол үшін заң – қатал, талап – межелі болуы керек.

Қоғамда билетті әртүрлі жолмен алатын алыпсатарлар туралы әңгіме көп. Озық елдердің тәжірибесінде көлемді экономиканы қысқартудың жолы – цифрландыру, яғни жасаңды интеллект қызметіне басымдық береді. Нариман Дүйсекеевтің сөзінше, жолаушылар тасымалы саласында ашықтық пен жариялық жетілдіру мақсатында электронды билет жүйесін дамытып, онлайн-сатылымдардың үлесі 70 пайыздан асты. [bilet.railways.kz](http://bilet.railways.kz)

**КАССА ЖОЛАУШЫЛАРҒА ТЕК ЖЕКЕ КУӘЛІК БОЙЫНША БИЛЕТ САТАДЫ. АЛАЙДА АЛЫПСАТАРЛАР БИЛЕТТІ ЕРТЕРЕК САТЫП АЛАДЫ, ӘРІ 20-30 БИЛЕТТІ БІРДЕН АЛАДЫ. БИЛЕТТІ ӨТКІЗУДІҢ ДЕ ЖОЛЫ КӨП**

сайты мен «ҚТЖ билеттері» мобильді қосымшасы арқылы алуға болады. Мұнда билетті қайта сатумен байланысты заңсыз әрекетті орындау мүмкін емес.

Шұғыл жолға шыққан жағдайда «Ауыса отырып жол жүру» қызметін қолдануға болады. Яғни жолаушылар пойыздан пойызға жоғары жылдамдықты пойызды қабылдауға мүмкіндігі жоқ.

Егер ҚТЖ жоғары жылдамдықты пойыздар желісін құрғысы келсе, бірінші кезекте инфрақұрылым мәселесін шешуі керек.

Жазғы тасымалдауға дейін жолаушылар вагон паркін дайындадық. Жазғы маусымда Бұрабай курорты мен Алакөлге сұраныс жоғары. Астанадан алғаш рет Астана-Достық бағытында «Тальго» пойызы ұйымдастырылды. Пойыз аптасына 2 рет Алакөл курорттық станциясына бағытында жүреді. Одан бөлек, Алматы, Астана, Семей, Өскемен қаласынан Достық станциясына дейінгі бағыттарды қамтиды.

17 маусымнан бастап «Қарағанды-Астана» жүрдек электр пойызының бағыты Бұрабай курорттық станциясына дейін ұзартылды.

Бұл бастамалар халықтың билетке деген сұранысын қанағаттандыру мақсатында іске асты.

**ЖОЛАУШЫЛАР ЖАЙ АЙТПАЙДЫ**

Теміржол тасымалы саласында сервистік қызмет сапасының артуы заңдылық. Өйткені жыл сайын билеттің құны қымбаттайды. Жолаушылар арасында жыл бойы смартфонның қуаттай алмағанына шағымданып жүр. Жазда – ыстық, қыста – суық болатын ескі вагондар әлі сапта жүр. Бәрінен бұрын, біздің пойыздар уақытынан кешігіп келуді әбден әдетке айналдырып алды. Астана қаласының вокзалдарына тоқтайтын пойыздар 1-2 сағат кешіп келетініне үйреніп кеттік те.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ билет тапшылығы мәселесімен қатар, жоғары жылдамдықты пойыздар мен сервистік қызмет сапасын арттыруды шешуі керек. Бұл туралы әлеуметтік желіде сауалнама жүргіздік. Пікір білдіргеннің басым көпшілігі бұл салаға көңілі толмайтынын білдірді.

**Мұхтар Дәрібаев:** «Билет жоқ, бірақ мінсез бос орындар көп. Осы сұраққа кім жауап береді. Екінші жағы, вагондар неге жанармайды?»

**Мәріп Ерлан:** «45 күн қалғанда билет алу басталады. Сол мезетте қарасаңыз, пойызда билет болмайды».

**Дархан Әлдібеков:** «Билетті жеке кассалар алдын ала сатып алады. Сосын үстіне ақша қосып сатады. Бұрыннан келе жатқан бизнесінің бірі. Бұған таңғалуға болмайды».

**Шолпан Жүнісова:** «Жылда осы! Пойызға билет жоқ, автобусқа жармаймыз, ұшақтың билетін қалта көтермейді. Астанаға жету мұн болып тұр».

**Қуандық Танабас:** «Теміржол вокзалында алыпсатарлар билетті 10-15 данадан ұстап жүреді. ҚТЖ-дағы келеңсіз жұмыстар осылай басталады».

**Руслан Бөлекбаев:** «Біздің Үкімет айналдырған 19 миллион халыққа билет жеткізе алмай отыр. Қытай мемлекеті миллиардтарға қалай билет жеткізеді екен, ә?!».

Жер шарын мекендеген халық биыл тарихтағы ең алапат аптапқа тап болды. Жердің шаңын шығарып, апшысын қуырған ыстық климат ерте көктемнен басталды. Көктем басталысымен-ақ «Қазгидромет» оңтүстік түгіл, еліміздің солтүстігінде +44°С ыстықты тіркеді. Сарапшылар биыл Қазақстан мен Сібірде Африкадан да өткен аптап ыстық болатынын айтып, дабыл қақты.

## АЛАПАТ АПТАП

Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ

### ҚАУІПТІ БОЛЖАМ

Соңғы сегіз жыл планета тарихындағы ең ыстық кезең болды, ал Еуропа мен Қытай өткен жылы бұрын-соңды болмаған ыстық жазды басынан өткерді. БҰҰ Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымының бес жылдық жаңа болжамы алдыңғыларға қарағанда алаңдатарлықтай болып шықты. Жер шарындағы ең ыстық жыл ретінде тіркелген – 2016 жылғы рекорд бұзылғалы тұр. 98% ықтималдықпен ол 2023-2027 жылдардағы орташа температура өткен бесжылдыққа қарағанда жоғары болады деп айтып отыр.

Биылғы жаз, әсіресе, Еуропа, Азия мен Солтүстік Америкада ерекше болып тұр. Кейбір өңірлерде ауа температурасы 50 градустан асты. Мұндай температура бұрын-соңды тіркелмеген. Соңғы 8 жылдағы зерттеулер нәтижесі бойынша аптап ыстық жылдан жылға күшейіп барады. Былтыр жазда Еуропада температураның қалыпты деңгейден жоғарлауы салдарынан 60 мыңнан аса адам қайтыс болды.

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ ҚАЛАЙ?

Мамыр айында Қазақстандағы аптап ыстық 50 жыл бұрынғы температуралық рекорд тіркелсе, маусым айында «Қазгидрометтің» ақпараты бойынша, Қазақстанда 102 жыл бұрын болған температуралық рекорд жаңартылды. Астанада жаздың алғашқы айында ең жоғары ауа температурасы 6 маусымда тіркелді, термометрлердің бағандары +38,4 С белгісіне жетті, осылайша 1939 жылғы рекорд (+35,7 С) жаңарды.

«Бұған Жер шарындағы климаттың өзгеруі қуатты ықпал етуде. Себебі, ғылыми талдаулар көрсеткендей, жаһандық жылыну әсіресе жоғарғы ендіктерде барынша экстремалды температураларды туындатады» деп жазады америкалық саяси шолушы Лора Паддисон. «Еуразия континентінің орталығында орналасқан және мұхиттан едәуір қашықтыққа (2-3 мың

км) алыс орналасқан Қазақстанның аумағы солтүстік жарты шар мен жер шарына қарағанда едәуір қарқынмен жылынууда» деп атап өтті «Қазгидромет» РМК Ғылыми-зерттеу орталығының директоры Нұрлан Абаев.

### АПТАПТЫҢ АЛДЫН АЛУ КЕРЕК

– Ыстыққа бейімделмесе амал жоқ. Табиғаттың тосын мінезіне шыдас беріп, алдын алу жұмыстарын күшейту керек. Тұрғындар да денсаулығына бейжай қармай, иммунитетті көтеріп, ыстыққа төзуді қолға алған жөн. Басқа жолды көріп тұрған жоқпыз. Қытай қырғиқабақ соғыстан қалған бомбадан сақтану паналарды қолдануды ұйғарды. Бункерлерде демалыс орындарын ашып, қойманы дәрі-дәрмекпен толтырмақ. Мюнхенде қала қартасына көлеңке жерлер белгіленген мобильді қосымша іске қосылды. Сол арқылы саябақтарды табуға болады. Ал Барселона билігі «климаттық баспаналар» жобасын іске қосты. Яғни кез келген адамға кітапхана, мұражай мен мектеп, спорт орталықтарына барып, демалуға болады, – дейді Барселона денсаулық сақтау институтының профессоры Джоан Баллестер.

НАСА-ның климатолог мамандары жылдан жылға күннің ысуы жоғарылай беретінін ескертті. Сондықтан қазірден бастап климаттың өзгеруіне бейімделу маңызды болып отыр.

Экологтардың айтуынша, жаһандық жылынудың алдын алуға болады. Ол үшін әлем елдері келісім-шартқа отыру керек. Қазіргі кезде Еуропа елдерінің бірқатары балама энергия көздеріне 30-40%-ға көшті. Осы бағытта Америка, Еуропа елдері жақсы жұмыс істеп жатыр. Қазақстан, Ресейге жаһандық жылыну мәселесін алдын алуға байланысты қиуар жұмыс атқару керек. Мәселен, біздің елімізде балама энергия көзін пайдалану тек 1% ғана. Бұл – өте мардымсыз жағдай. Ендеше, климаттың өзгеруі, теңіз деңгейінің көтерілуі, мұздықтардың еруі секілді табиғи зардаптар адамзатқа орасан қауіпті келе жатқанын сездіргендей.







Индира  
БЕРЖАНОВА

# БАҒДАРЛАМА НЕСІМЕН ТИІМДІ?

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы Жолдауында Балалар жылы аясында ұсынған еді. Осы ретте ол жыл сайын Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50%-ын балалардың жеке шотына аударып отыруды тапсырды. Президент әр отбасы елдің ұлттық байлығынан өз үлесін алуы керек екенін мәлімдеді.

«Балаларға арналған ұлттық қор» бағдарламасын іске қосуды аса маңызды деп санаймын. Ұлттық қордың жылдық инвестициялық кірісінің 50 пайызын балалар 18 жасқа толғанға дейін мерзімінен бұрын алу құқығынсыз арнайы жинақ шоттарына бөледі ұсынамын. Жобаны 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске қосуды тапсырамын. Бұл қаражат өскелең ұрпаққа ересек өмірге нағыз жолдама береді» деп Мемлекет басшысы Ұлттық қор шынымен «ұлттық» деген мәртебеге ие болып, халықтың мүддесіне қызмет ететінін атап өтті.

## БАҒДАРЛАМАҒА КІМДЕР ҚАТЫСАДЫ?

Ұлттық қордан бүгінге дейін үлес алатын балалардың саны қанша дегенге келсек, соңғы ресми деректер бойынша еліміздегі 18 жасқа толмаған балалардың жалпы саны шамамен – 6,7 млн. Дегенмен ауыл-аймақтарда құжаттары жоқ балалар бар екенін және шетелде тұрып жатқан азаматтарымыздың балалары туралы толыққанды мәлімет болмауы мүмкін екенін ескерсек, бұл көрсеткіштің өзгеруі анық. Туу көрсеткішінің тұрақты динамикасын да есептесек, 2024 жылға қарай кәмілетке толмағандар саны 7 млн-нан асады.

Кәмілетке толмаған әрбір қазақстандық бала Ұлттық қордан өз үлесін алуға құқылы. Егер 18 жасқа толмаған бала шет елге көшіп, Қазақстан азаматтығынан шықса, онда оған Ұлттық қордан ақша төленбейді. Ал егер бала шетелде өмір сүрсе, бірақ Қазақстан азаматтығын өзгертпесе, оның шотына кәмілет жасқа толғанға дейін қаражат аударыла береді. Егер бала азаматтығын өзгертіп, шетелде белгілі бір уақыт тұрып келсе және Қазақстанға оралғаннан кейін республика азаматтығын қайта алса, онда арнайы жинақтаушы шот жаңадан ашылады. Бала 18 жасқа толғанға дейін жинақталған қаражат Ұлттық қорда сақталады және оны «Ұлттық банк» түрлі қаржы құралдарына инвестициялайды. Одан түскен инвестициялық табыс та балалардың шотына қосымша түсіп тұрады. Әр жылдың 20 қаңтарына дейін бағдарламаға қатысатындардың соңғы тізімі жасалып, 31 қаңтарға дейін шотқа ақша аударылады.

Бағдарламаға қатысты тиісті заң жобасы жақында Мәжіліс қабырғасында қаралып, талқыланды. Отырыста Мәжіліс депутаты Үнзила Шапақ аталған заң жобасының ерекшелік-

терін түсіндірген еді. Оның айтуынша, Ұлттық қор қаражаты тек қана тұрғын үй жағдайын жақсарту және білім алу мақсатында пайдаланылады. «Тұрғын үйді тек Қазақстан аумағында ғана сатып алуға рұқсат етіледі. Сондай-ақ, отандық жоғары оқу орындарымен қатар шетелдік университеттерде де оқуға мүмкіндік бар. Заңда қаражатты емге жұмсау мүмкіндігі қарастырылмаған. Егер бала 18 жасқа толғаннан кейін жиналған ақшасын алмаса, ол шотта 10 жыл бойы сақталады. Он жылдан кейін де қажет болмаса, қаржы сол адамның зейнетақы шотына аударылады. Шоттағы ақша доллармен есептеледі және 18 жасқа толғанға доллармен беріледі. Бала қайтыс болған жағдайда қаражат туған бауырлары арасында бөлінеді немесе ата-анасына беріледі. Бір үйдің балалары Отбасы банктен ортақ депозит аша алады. Бір отбасының балаларына Ұлттық қордан жиналған қаражатты Отбасы банктегі ортақ депозитке аудару құқығы беріледі. Яғни ағайынды балалар кәмілетке толғаннан кейін шоттағы ақшасын

Отбасы банкіне аударып, бірігіп пәтер сатып ала алады. Балалардың арнайы жинақтаушы шоттарының операторы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры болады» деді депутат.

Отбасы банкіне аударып, бірігіп пәтер сатып ала алады. Балалардың арнайы жинақтаушы шоттарының операторы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры болады» деді депутат.

## 18 ЖЫЛДА ҚАНША ҚАРАЖАТ ЖИНАЛАДЫ?

Ұрпақ қамын ойлаған ұтымды бағдарлама жайлы естіп, қуанып қалған қауымды алдымен әр баланың еншісіне шамамен қанша көлемде қаржы бұйыратыны қызықтырды.

Бала туған кезде қаржы түсетін арнайы шот Әділет министрлігінің жеке тұлғалар дерекқорының ақпараты негізінде тіркеу кезінде автоматты түрде ашылады. Жиналған қаражатты мерзімінен бұрын шешіп алуға тыйым салынады. Болжам бойынша 2024 жылы дүниеге келген сәбилердің шотында 18 жыл ішінде 3 500 АҚШ доллары жиналады. Шамалап көрсетілген бұл сома, яғни доллардың бүгінгі бағамымен есептегенде 1 млн 500 мыңнан аса теңгеден үміттеніп қалған біраз жұрттың ойлағанындай

емес екені белгілі. Бірақ экономистер бұл жинақтық инвестициялық табыс есебінен арта түсуі мүмкін екенін де айтып жатыр. Осы орайда бірқатар сарапшыны сөзге тартып, пікірін білдік.

Экономист Мақсат Халықтың сөзінше, әлемдік тәжірибеде бар бағдарламаның біздің елімізде де жүзеге асырылатыны өте құптарлық қадам. Алайда көңіл көншітпейтін жайттар да жоқ емес.

«Жоба идеясы өте жақсы. Алайда түсетін қаражаттың көлемі төмен. Біріншіден, бұл Ұлттық қор қаражатының аз мөлшерде болуымен байланысты. Екіншіден, Қазақстанда инвестициялық кірістілік аз. Ұлттық қордың инвестициялық кірістілігі жылына орташа есеппен 2 пайызды ғана құрайды. Кей жылдарда 0 пайыз болып, ешқандай өсім көрсетпеген еді. Яғни, мұнда маңыздысы – инвестициялық кірістілікті арттыру. Араб елдерінің, Норвегияның мысалына қарасақ, инвестициялық кірістілігі орташа есеппен 7 пайыз. Ал, 2 пайыз кірістілікпен есептегенде, әр балаға 100-150 АҚШ доллары түсетін болып тұр. Егер ол 6-7 пайыз болса, жылына кем дегенде 500 АҚШ доллары түсер еді. 2023 жылдың наурыз айының соңына қарай Ұлттық қордың активі 58,4 млрд АҚШ долларын құрады. Бізге қордың кірістілігін арттырып, түсімдерін ұнғайту керек. Президенттің өзі жақында 2030 жылға дейін Ұлттық қордың көлемін 100 млрд АҚШ долларына дейін жеткізу керек деп тапсырма берді. Меніңше, оны шетелге кетіп қалған активтерді қайтару арқылы одан да ерте уақытта жүзеге асыруға болады» деді ол.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Ана-

лар кеңесі төрағасының орынбасары Баян Ахатай бала кәмілет жасына толғанша, жиналған қаражат тиын-тебен болып қалмауы керекін айтады.

«Айталық, бала мектеп бітіріп, жоғары оқу орнына түсе алмай қалса, оны 4 жылғы оқуының ақшасын төлеп, жатақханамен қамтамасыз ету керек. Егер жоғары біліміне жылына 1 млн теңге көзделсе, 4 жылда 4 млн теңге, жоқ дегенде 8-10 мың АҚШ доллары кетеді. Ал 3 500 АҚШ доллары қазірдің өзінде үш есе аз болып тұр. Ең алдымен баланың жоғары білім алуына жағдай жасау керек. Демек, 3 500 АҚШ долларын кем дегенде 10 мың АҚШ долларына дейін өсіретіндей жағдай мен мүмкіндік жасалғаны жөн» деді ол.

Сондай-ақ, сарапшының айтуынша, жобаның тиімсіз бір тұсы – кәмілет жасынан асқан баласы бар, не мүлде баласы жоқ азаматтар Ұлттық қордан өз несібесін көре алмауы. Яғни, қоғамның бір бөлігі жобадан тыс қалып, бұл шешімнің олар үшін әділетсіз екенін сезуі мүмкін.

## ШЕТЕЛДІҢ ТӘЖІРИБЕСІ ҚАНДАЙ?

Біріккен Араб Әмірліктерінде мұнай мен газдан түсетін кірістерді пайдалана отырып, мемлекет жаңа туған нәрестенің болашағын қамтамасыз ету үшін депозиттік шот ашады. Әр баланың шотында 18 жасқа толғанға дейін шамамен 100 мың АҚШ доллары жиналады. Алайда, ел азаматтарының 15 пайызы бала туғанда берілетін несие, жәрдемақы және депозиттерді пайдаланбайды. Бұл өз кірістерінің жеткілікті болуымен түсіндіріледі.

Ирландия балаларға депозит түрінде ақша төлейді. Мұнда мемлекет әр бала үшін 2 500 АҚШ долларын бөледі. Баланың ата-анасы ақшаны үшке бөліп алады. Алғашқы аз бөлігі нәресте туған кезде беріледі. Ал екінші бөлігін бүлдіршін төрт жасқа толғанға ала алады. Қалғанын бала 12 жасқа толғанға дейін алуы керек. Мұның сыртында бала жеті жасқа толғанша ай сайын 150 АҚШ доллары жәрдемақы ретінде төленеді.

Норвегия – сыртқа мұнай мен газ экспорттайтын Еуропадағы бірден-бір ел. Яғни, мұнай мен газ саудасынан әрбір норвег азаматы үлес алып отырады. Осы күні әрбір норвег азаматының жеке шотында 100 мың АҚШ долларынан астам қаржы бар. Норвегия адам даму индексі бойынша 2009 жылдан бері бірінші орынды бермей келеді. 3 жастан 18 жас аралығындағы сәбилер мен жас жеткіншектерге мемлекет 1620 АҚШ доллары көлемінде жәрдемақы төлейді. Мұнай ғана емес, елдегі табиғи байлықтың бәрі халықтың ортақ меншігі, ұлттық жетістігі саналады.


## БАЛАЛАРДЫҢ ҚАЖЕТІНЕ ЖАРАЙ МА?

Бүгінгі күнгі бағам бойынша 3 500 АҚШ доллары 1 549 024 теңгені құрады. Осы тұста, біз Астана қаласындағы жоғары оқу орындарында білім алудың құны мен тұрғын үй бағасын салыстырып көрдік.

Мәселен, елордадағы Еуразия ұлттық университетінде бір жылдық оқудың бағасы 1-1,2 млн теңге. Оқу құны түлек таңдаған факультетке байланысты өзгереді. М.Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық заң университетінде оқу құны кем дегенде 1,5 млн теңгеден басталады. Ал қаладағы ең қымбат баға Назарбаев университетіне тиесілі. Мұндағы білім алу бағасы 7-9 млн теңгені құрайды.

Пәтер бағасына келетін болсақ, Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2023 жылдың мамыр айында тұрғын үйдің бір шаршы метрінің орташа бағасы: жаңа тұрғын үй үшін 486 040 теңге, пәтерді қайта сату 505 679 теңге болды. Осылайша, бір бөлмелі пәтердің, ауданы 36 шаршы метр болса, бағасы 17 497 440 теңгені құрамақ.

Ел табысының шарапатын әр шаңырақ сезінуі тиіс. Алғаш рет енгізілгелі отырған бастамаға қатысты алып-қосар жайттар баршылық. Бастысы, Үкіметтің Ұлттық қорды сауатты басқарып, инвестициялық табысын еселеп арттырғаны маңызды. Сонда балалардың арнаулы есепшотына қаражат тамшылап емес, тасқындап құйылатын болады.





## ЕЛОРДАДА – ЕСІМІ

«СӨЙЛЕП ТҰРҒАН  
БАЙЖАНБАЕВ»

Ғажап даусымен «Қазақтың Левитаны» атанған Әнуарбек Байжанбаев – тірісінде-ақ аңызға айналған тұлға. Ұлы Отан соғысынан 20 жасында аман-есен оралған бойда Қазақ радиосына диктор болып жұмысқа орналасады. Сол жерде жарты ғасырға жуық уақыт қызмет етіп, бүкіл елді өмірінің соңына дейін ерекше даусымен тамсандырып өтеді. Биыл оның туғанына бір ғасыр толды. Рухына тағзым ретінде Астана қаласындағы көшелердің бірі Әнуарбек Байжанбаевтың есімімен аталады.

Райхан  
РАХМЕТОВА

2021 жылы сол кездегі Нұр-Сұлтан қаласы Ономастика комиссиясының, ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық ономастикалық комиссиясының қорытындыларының негізінде Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қаулысымен жобалық атауы №231 көшеге Әнуарбек Байжанбаев аты берілген болатын. Ұлттық музей ғимаратының тұсында И.Панфилов пен Райымбек батыр көшесінің аралығында, Тәуелсіздік көшесіне параллель орналасқан Ә.Байжанбаев көшесінің ұзындығы – небәрі 510 метр. Алматы ауданына қарасты бұл көшеде жаңадан салынған үйлерден басқа ірі маңызды ғимараттар жоқ. Соңғы жылдары пайда болған жаңа көше болашақта ұзарып, диктордың асқақ даңқын келер ұрпаққа таныта берер деген сенім мол.

«ЖЕҢІС» ХАБАРЫН  
АЛҒАШ ЖЕТКІЗГЕН

Қазақстанның халық артисі, Қазақ радиосы мен телевизиясының Алтын қорында даусы, қазақтың өнері мен мәдениеті тарихында аты қалған диктор Әнуарбек Байжанбаев туралы қызықты да құнды естеліктер, деректер көп. Болмысы мен үні бөлек диктордың өмірі мен шығармашылық жолы көпшілікті бейжай қалдырмайды. Семейде 1923 жылы туған диктордың биыл 100 жылдығына орай Алматыдағы Қазақ радиосының тікелей эфир студиясына оның есімі берілді. Қазақ радиосының директоры Дулат Абибуллаев ол туралы: «Дүниежүзілік соғыстың аяқталғанын Кеңес елдері Левитанның даусымен естісе, қазақ даласына «Жеңіс» хабарын Әнуарбек Байжанбаев жеткізді. Ә.Байжанбаевтың 100 жылдық мерейтойы аясында Қазақ радиосы жыл бойы бірқатар іс-шаралар ұйымдастырмақ. Туған жерінде, радио ұжымы ішінде, эфирде диктордың есімін дәріптеуге арналған жиындар өткізіледі деп жазды.

Бүгінде Қазақ радиосының «Алтын қорында» әйгілі диктордың өз даусымен оқыған 400-ден астам жазба, 10 мыңға жуық әдеби, музыкалық хабарлар сақтаулы. Солардың ішінде оның Жеңісті хабарлағандағы мәліметі – баға жетпес асыл мұра болып саналады.

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНЕ  
ХАТ ТАСЫҒАН

Қиын-қыстау кезеңде туып, балалық шағы ашаршылық жылдарымен тұспа-тұс келген ол жұмыс істеуді 8 жасында бастаған. 1931 жылы Алматыда мектепте оқып жүрген кезде қалаға көшіп келген ата-анасына қолғабыс

ету мақсатында «Социалистік Қазақстан» газетінің баспахана-сында хат тасушы болып жұмыс істеген. Сол кезде Алаш қайраткерлері Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов секілді классик жазушыларға хаттар, қолжазбалар, кітаптар жеткізіп отырған. 1940 жылы Қазақ коммунистік журналистика институтына оқуға түседі. Соғыс басталғанда алғашқылардың бірі болып майданға аттанған ол 1943 жылы аяғынан жарақат алып, елге оралады. Сол кезде оны Республикалық Радио тарату комитетінің басшысы болған Омарғазы Оспанов радиоға дикторлыққа шақырып, ол алғаш эфирге 1944 жылы 26 маусымда шағын хабарландыру оқып шығады. Содан бастап соңғы демі біткенше Қазақ радиосында, теледидарында диктор, аға диктор болып қызмет атқарады. Еліміздің түкпір-түкпіріндегі халықтың тыныс-тіршілігі жайлы әртүрлі жаңалықтар, саяси хабарлар ұзақ жылдар бойы мыңдаған тыңдаушыға Байжанбаевтың ашық та әуезді, кең тынысты үнімен жеткен. Соғыстан бұрынғы оқуы аяқталмай қалғандықтан 1949 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультетінде оқып, жоғары білім алады. Соғысқа қатысқан ерлігі үшін 1-дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған. Ол тұрған үйге мемориалдық тақта орнатылған.

«АЛМАТЫ УАҚЫТЫ  
6 СОМ 37 ТИЫН»

«Тектіден текті туады» демекші, оның әкесі Нығметжан ақын Абайдың ауылдасы болған екен. Анасы Фатиха ел ішінде өншілігімен танылған. Осындай әулеттен шыққан Ә.Байжанбаевтың туа бітті табиғи дауысы айналасындағыларды ерекше таңғалдыратын болған. Радиоға да ол қазіргі дикторлардай даусын баптап, арнайы жаттығу жасамай-ақ бірден қызметке алынған. Осы радиоға жүріп ол атақ пен даңққа бөленген. Алайда талай қызықты да, қиын кездерді бастан

өткерген. Сондай қызықтардың бірі – оның радиоға тікелей эфирде өтетін таңғы хабарына кешігіп келіп: «Алматы уақыты 6 сағат 30 минут» деудің орнына: «Алматы уақыты 6 сом 37 тиын» деп таксиге беретін қарыз ақшасының сомасын айтқан оқиғасы еді. Сол «37 тиын» үшін Әнуарбек Байжанбаев 3 ай дикторлық қызметтен шеттеліледі. Дегенмен оны жақсы танитын бірінші басшы Дінмұхаммед Қонаевтың арқасында қайтадан қызметіне оралады. Қазақтың біртуар ұлы, қоғам қайраткері Д.Қонаев оны «гүрлдеуік» деп еркелете атаған екен. Оның шәкірттерінің қатарында Сауық Жақанова, Зияда Бекетова, Жанель Асқарова, Мәмбет Сержанов, Мырзабек Қуатбеков, Әбдірәлі Бөлебаев, т.б. қазақ дикторлары бар.

ЕЛДІҢ ЖАЙЫН  
ОЙЛАҒАН ЕР

Атағы жер жарып тұрса да, Байжанбаев байсалды, қарапайым қалпынан танбаған, өте қарапайым жан болған. Елдің бәрі «Ой, Әнуарбек!» деп алақандарына салады. Көшеде көрген кез келген адам оны дауысынан-ақ таниды. Сонда да менменсіп кетпеген. Өзінің шәкірттерінің бірі, алғаш еңбек жолын Байжанбаев мектебінен өтіп бастаған белгілі диктор, ҚР Еңбек сіңірген әртісі, «Құрмет» белгісінің иегері Сауық Жақанова ұстазы туралы былай естелік айтады: «Оны бәріміз Әнекең дейтінбіз. Халық ерекше жақсы көретін. Ол кісінің өтініші жерде қалғанын көрген емеспін. Тіпті айдаладағы біреудің мәселесін шешіп беріп жүретін. Сонда сол адамдардан бір тиын алмайтын. Кез келген адамның «Ой, Әнеке!» деген бір ауыз сөзін өзі де жерге тастамайтын. Әнекең үлкенге де, кішіге де иіліп тұратын. Өмір жолымда сондай адамның қасында еңбек жолымды бастағанымды – дикторлығымда жолымның болғаны деп санаймын. Мәтін оқуда ол кісіден көп дүние үйрендім».

Атақты диктордың ұлы Арыс Әнуарбекұлының естелігіне сүйенсек, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың да радиоға қызметке тұруына Ә.Байжанбаев септік еткен. Өткен ғасырдың 60-жылдары Алматының Көк базарында: «Ұн сағамын... Нарынқолдың ұны... Келіндер...» деп зор даусымен ұн сатып тұрған ақынның ерекше дауысын ұнатып, оны Қазақ радиосына жетелеп әкелген екен. Екеуі бір-бірін өле-өлгенше құрметтеп өткен. Жеке өміріне келсек, жары Ғайни Бейсембай-қызымен бірге 3 ұл, 1 қызды дүниеге әкеп өсіреді. Қазақтың ерке ұлы, аты аңызға айналған диктор 1989 жылы 21 қазанда 66 жасында Алматы қаласында дүние салды.

Елордадағы №5 қалалық емханада геронтологиялық кабинет ашылып, медбикелердің жаңа құзыреттерінің тұсаукесері өтті. Іс-шараға Денсаулық сақтау басқармасы, қалалық емханалардың басшылары, ардагерлер қауымдастығы өкілдері қатысты.

ГЕРОНТОЛОГИЯЛЫҚ  
КАБИНЕТ АШЫЛДЫ

Бұдан былай аталған емханаға тіркелген зейнеткерлер үшін аурулардың алдын алу, диагностикалау, емдеу бойынша үлкен мүмкіндіктер ашылууда. Бұл кабинет жұмысын қарттарды қабылдайтын біліктілігі бар геронтолог дәрігер жүргізеді. Тұсаукесер барысында дәрігерлер жаңа жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан жаңа кабинет жұмысының ерекшеліктері туралы айтып берді.

– Біз үшін ең бастысы аурудың алдын алу, ойландырылған алгоритм, бүкіл емхананың жұмысын оңтайлы ұйымдастыру. Дәрігер дәрі-дәрмек терапиясын, оңалту жұмыстарын, психотерапиялық қолдауды және т.б. тағайындай алады. Маманның басты міндеті – қарттарды емдеу ғана емес, сонымен қатар олардың белсенділігін сақтауға көмектесу. Геронтологқа 65 жасстан бастап, жылына кемінде бір рет профилактикалық тексеру және кеңес алу үшін бару ұсынылады. Сондай-ақ, есте сақтау қабілетінің жоғалуы, депрессия, жүрек соғысының нашарлауы, қан қысымының көтерілуі және басқа да көптеген белгі болған жағдайда қаралу керек, – деді емхана директоры Алтыншаш Табулдина.

Қалалық Ардагерлер кеңесінің бастамасымен Денсаулық сақтау басқармасының бірлес-

кен жобасына көпшілік риза болды. Іс-шараның екінші бөлігінің тақырыбы «Медбикелердің жаңа құзыреттерін енгізу. Созымалы аурулары үлкен мүмкіндіктер ашылууда. Бұл кабинет жұмысын қарттарды қабылдайтын біліктілігі бар геронтолог дәрігер жүргізеді. Тұсаукесер барысында дәрігерлер жаңа жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан жаңа кабинет жұмысының ерекшеліктері туралы айтып берді.

Бүгінде геронтологиялық кабинеттер №7, 8, 10 және басқа да көптеген қалалық емханада бар. Елорда тұрғындары үшін геронтологиялық кабинеттердің өзектілігі айқын. Медициналық қоғамдастық пен әлеуетті пациенттердің кездесуін қорытындылай келе, Денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Берік Қайкенов №5 қалалық емхана жұмысының оң динамикасын, құла тұрғындарына сапалы медициналық қызмет көрсетудің инновациялық тәсілін атап өтті. Қалалық Ардагерлер ерте сатысында анықтаған медбикелер ерекше ынталандырылады, олар мұндай пациенттерді толық сауығып кеткенге дейін бақылайды. Бас дәрігердің айтуынша, емханаға барлығы 6,5 мың қала тұрғыны тіркелген. Сәнді ғимаратта білікті мамандар пациенттерді қабылдайды. Мұнда күндізгі стационар орналасқан, амбулаториялық емдеу жүргізіледі, бір сөзбен айтқанда, науқастардың толық сауығуы үшін барлық жағдайлар жасалған. Қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов геронтолог дәрігердің қабылдауында болған зейнеткерлермен сөйлесті. Кабинетке келушілер осындай жанашырлықтың ерекшелігін, жайлылық пен

Раиса АҒЫБАЕВА,  
Журналистер  
Одағының мүшесі,  
қалалық Ардагерлер  
кеңесі медиатобының  
мүшесі

«ЕЛОРДА» АРДАГЕРЛЕР  
ХОРЫ – ҚАТОНҚАРАҒАЙДА

Жақында Алматы ауданының «Елорда» халықтық ардагерлер хоры Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай жеріне, Өр Алтайдың өрлі жазушысы Оралхан Бөкейдің еліне гастрольдік сапармен барып қайтты.

Бұл сапарға «Елорда» хорының мүшесі, көрікті Алтай жерінің тумасы Әсия Нұрбаеваның туған еліне қонақ болып барып қайту ұсынысы мұрындық болған еді.

Бізді Шығыс Қазақстан облысы Мәдениет басқармасының басшысы Нұрболат Ахметжанов құшақ жая қарсы алды. Елодалықтар келген бойда сапаржайдан арнаулы автобуспен Қатонқарағай ауылына жолға шықтық. Межелі жерімізге кештете жеткен қонақтарды ауыл әкімі Қайрат Нұрқанов пен ауданның Құрметті азаматы Жәнібек Қызыров бірден ауыл клубында тағаттана тосып отырған көрермендерге алып

келді. Өнерпаз қарияларымыз сахна төріне шығып, ән айтып, ауыл тұрғындарын риза қылды.

Ертесіне ауыл белсенділерінің ұйымдастыруымен «Патшалар жазығы» Берел қорымы мен маралдың мүйізінен қан алу көрністерін тамашалаған сон, ауыл тұрғындарының сұрауы бойынша алтын тойға арнайы шақырылып, жаңа үлгідегі концерттік бағдарлама қойылды.

Кешкісін «Баян» демалыс орнында демалушыларға «Елорда» хоры үлкен концерт берді. Репертуарларындағы қазақтың халық әндері мен қазақ композиторларының

әндерін шырқаған бұл ұжымға көрермендер алақан қыздыра қол соғып, ұзақ қошемет көрсетті.

Өр Алтай жерінде осындай құрметке ие болған «Елорда» халықтық хоры көтеріңкі көңілмен Астанаға оралды.

Ұлттық құндылықтарымызды ән арқылы халықтың жүрегіне ұялатып жүрген ұжым сәтті сапардан шабыттанып, енді Ресей еліндегі қандастарымызға сапар шегуді жоспарлап отыр.

Манап ӘДІРЕШЕВ,  
Алматы аудандық  
Ардагерлер  
кеңесінің мүшесі,  
медиатоп жетекшісі







## МӘДЕНИ ОШАҚТАР ШАҚЫРАДЫ

Осы аптада елорданың мәдениет мекемелері қала тұрғындары мен қонақтарына арнап түрлі іс-шаралар ұйымдастырып отыр. Бұл күндері бас қалада концерттер, көрмелер, фестивальдер өтеді.

Бүгін №15 көпшілік кітапхана «Ата заң – ардағым» сұрақ-жауап сағатын өткізеді. Ал 9-13 тамыз аралығында Астаналық цирк манежінде «Азия жаңғырығы» халықаралық цирк өнері фестивалі өтеді. Сәрсенбі күні «Астана Опера» театры «Музыкалық демалыс» концертіне шақырады.

10 тамыз – ұлы Абайдың туған күні. Апта басынан Абай күніне орай Астананың мәдени ошақтары бірқатар шара өткізіп жатыр. Атап айтқанда, кеше Сәкен Сейфуллин мұражайында «Абай және Шәкәрім» көрмесі ашылды. Абай күні мен Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығына арналған бұл көрме 13 тамызға дейін жалғасады. Ал Тарихи-мәдени мұра ескерткіштері мен объектілерінің сақталуын қамтамасыз ету орталығы 10 тамызда «Абай күні» ақпараттық сағатын ұйымдастырады. Осы күні елордадағы Абай ескерткішіне гүл шоқтарын

қою рәсімі өтіп, №5 балалар кітапханасында «Абай Құнанбайұлының қуғын-сүргінге ұшыраған туыстары мен ұрпақтары» атты көрме ашылады. Ал орталықтандырылған кітапханалар жүйесі «Абай – жүрек қалауы даналық белгісі» әдеби-театрландырылған қойылымына шақырады.

10 тамызда №9 кітапханада сағат 16.30-да Бейбарыс сұлтанның 800 жылдығына орай «Бейбарыс сұлтан – ұлы мәмлүк» тарих сабағы өтеді. Жұма күні «Атамекен «Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешені халықаралық Жастар күніне орай «Жастар – ел болашағы» атты дәріс өткізсе, №5 балалар кітапханасында «Біз есірткіге қарсымыз» дәрісіне қатысуға болады.

11 тамызда «Астана Опера» театры сахнасында Қарағанды академиялық музыкалық комедия театрының гастролі басталады. Соның аясында күндіз «Қар ханшайымы» музыкалық

ертегісі, ал кешке «Марица» опереттасы көрсетіледі. Бейбітшілік және келісім сарайында Данияр Жұмділов стенд-ап концертімен өнер көрсетеді.

Сенбі-жексенбі күндері Demalys Promenade аллеясынан «Қазақстан күні» монументіне дейін «Армандар орындалатын қала» иммерсивті театры өнер көрсетеді. Ал «Астана» гольф клубының алаңында Satisfaction Fest фестивалі өтеді. Демалыс күндері қаланың орталық алаңында және орталық жағалауда Creative summer бағдарламасы, ал ЭКСПО алаңында Шәмші Қалдаяқов әндерінің фестивалі, классикалық және ұлттық қазақ музыкасының концерті өтеді.

12 тамызда Қарағанды академиялық музыкалық комедия театры «Астана Опера» сахнасында «Шөп қорыған ит» музыкалық комедиясын, ал 13 тамызда «Бремен музыкалдық театры» музыкалық ертегісі мен «Жарқанат» опереттасын ұсынады.

## МАҒЖАН МҰРАСЫНА БОЙЛАТТЫ

Биыл Алаштың айбоз ақыны Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толып отыр. Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты кітапханаларда ақынның мерейтойына арналған шаралар жыл басынан бері жалғасуда. Бұл шаралардың мақсаты – Мағжанның өмірі мен шығармашылығын насихаттау.

Атап айтқанда, осы уақытқа дейін №5 балалар кітапханасында «Мен күннен жаралдым...» атты поэзия сағаты, Орталық қалалық кітапханада «Мағжанның ақындық әлемі» әдеби сағаты, №4 көпшілік кітапханада «Қазақтың қалам шебері» атты поэзия сағаты, №3 балалар кітапханасында «Мен жастарға сенемін» атты поэзия сағаты өтті.

Қала кітапханаларының қызметкерлері Мағжанның өмірі мен шығармашылығын таныстырып қана қоймай, ақынның поэтикалық әлемі, философиялық ойлары, уақыт пен ұрпақтың ажырамас байланысы туралы әңгімелеп, оқырмандардың ақынның шығармашылығына деген қызығушылығын арттырды. Ақынның философиялық лирикасына тоқталды. «Ойлар», «Ақсақ Темір сөзі» сияқты өлеңдерін оқып, жан дүниесіне бойлады.

№2 балалар кітапханасы ұйымдастырған «Дауылда шырақ табар жан бар» атты әдеби портретке оқырмандар үлкен қызығушылықпен қатысты. Мұнда Мағжанның махаббат лирикасы оқылып, «Күміс нұрлы ай», «Махаббат», «Сүйгеніме», «Сүй жан сәулем», тағы басқа осы сияқты өлеңдерінде нәзік бейнелер жасалғаны туралы тұжырым жасалды.

Орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасы «Гасырлар бойында бізде жарқын жол бар» атты поэтикалық эстафета өткізді. Мұнда орыс ақындарының шығармашылығымен салыстыру жүргізіліп, Сергей Есенин мен Мағжан Жұмабаевтың өлеңдеріндегі ұқсастықтар сөз болды. Мәселен, Есенинде паровоздың артынан жүгіріп келе жатқан сүйкімді құлынның бейнесі бар. Өткен мен болашақтың арасында қалған бұл құлын

бейнесінің Мағжанның поэзиясында да орын алуы кездейсоқ емес.

Қаланың барлық кітапханасында ақын шығармаларының көрмесі ұйымдастырылды. Соның ішінде «Пророк» атты кітабы алғаш рет ақынның шығармашылығымен орыс тілді оқырманды таныстырылғаны айтылды.

«Академик Әлкей Марғұлан қазақтар үшін Мағжан Жұмабаевтың есімі ағылшындар үшін Шекспирдің есімімен немесе орыстар үшін Пушкиннің есімімен бірдей деп есептеді. Мағжан – қазақтың ұлттық ақыны. Лермонтов Пушкиннен кейін қалай орыстың халық ақыны аталса, Мағжан Жұмабаев та Абайдан соң қазақ поэзиясы биігінде тұр» дейді Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаева.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**



Астанадағы «Қазанат» ипподромында «Құнан бәйге», «Топ бәйге», «Жорға жарысы», «Аламан бәйге» бойынша Қазақстан Республикасының 5-ші іріктеу туры өтті. Жүйріктер аламанын тамашалауға елордалықтар мен қала қонақтары көптеп келді.

## ЖҮЙРІКТЕРДЕН ШАҢ ҚАЛДЫ...

**Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

Жарыс жолына бірнеше өңірден келген 80-ге жуық сәйгүлік шығып, бәйгеге тігілген 23,5 миллион теңгелік жүлде қорын сарапқа салды.

Жарысты тамашалауға келген Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі: «Біз жылқының жалында өскен жұрттың жұрнағымыз. Жылқы десе, бәйге десе, бәріміздің делебеміз қозады. Жылқы бізге қанат байлайды, ат – біздің рухымыз. Сол рухқа қызмет жасап жүрген Ұлттық спорт қауымдастығы мен республикалық «Бәйге» федерациясының басшыларына

өз ризашылығымызды білдіреміз!» деп жылы лебізін білдірді.

Көшпенділердің болмыс-бітімін дәріптейтін атбегілікті ұлы өнер десек, кейінгі жылдары ұлттық спорт түрлері – бәйге, көкпар, аударыспақ, жамбы ату тағы басқасы дамудың жолына түсті. Жыл басынан бері қазақ қоғамының назарын аударған бірнеше аламан бәйге өткізілді. Ауқымды іс-шараларға Ұлттық спорт қауымдастығы мен «Бәйге» республикалық федерациясы ұйытқы болып жүр.

– Ұлттың рухы, тарихы, мәдениеті мен дәстүрін білуде ұлттық спорт түрлерін білу маңызды. Өйткені ұлт коды атбегілік өнерде жатыр. Прези-

дент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей қолдауымен ұлттық спорт түрлері дамып келеді. 2023 жылғы елде V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны өтеді. Маңызды жобаны жоғары деңгейде ұйымдастыру жұмыстарын бастап кеттік. Одан бөлек республикалық және халықаралық ірі додаларды өткізу жоспарда бар. Мұның бәрі ұлттық спортты әлемге танытудың жолы, – деді Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов.

Республикалық «Бәйге» федерациясының президенті Қанат Көпбаев бәйге спортын тамашалайтын көрермен артып, атбегілік өнердің қыр-сырын меңгерген жастардың қатары



көбейіп келе жатқанын қуанышпен жеткізді.

«Құнан бәйге» сынында «Лазер» есімді тұлпарды тақымдаған Алдияр Уайсхан мәреге бірінші келді. Екінші және үшінші орынды Асланбек Абдықал мен Нұрмұқаш Ділнұр өзара бөлісті. 16 шақырымға созылған «Топ бәйгеде» «Мой мир» есімді тұлпарды тізгіндеген Әмір Серік дараланды. Асланбек Абдықалға екінші, Бекзат Ділдаханға үшінші орын бұйырды. 9 шақырымдық жорға жарысында Жан Қоқанбаевтың «Салкүреңіне» тең келетін жорға болмады. Бұл жарыста қыз балалар да атқа қонды. Соның бірі – Әлия Асқарова. Ол француз тұқымдас «Май» есімді тұлпарымен мәреге екінші келді. Ал Шуақ Жайлаубек үшінші орынды қанағат тұтты. Қызықтың көкесін аламаншы-

лар жарысқа шыққанда көрдік. Еңіреу сәйгүліктер шапқан сайын делебесі қозып, адымы ашылып, жүйіткпей жөнелді. Міне, өнер десеңші?! Бұл – еңіреу мен шабондоздың үйлескен, бір-бірінің нәғыз шабандоз екен, бірінші түсінетін, үлкен өнер. Өйткені мәреге дейін атты бабымен әкелу маңызды. 23 шақырымды құраған аламанға «Талхиз» есімді тұлпар бабында келіпті, ол алдына жүйрік түсірмеді. Оны тізгіндеген Бекзат Ділдахан да нәғыз шабандоз екен, бірінші орын алды. Екінші орынды Арнат Мұратхан алса, үшінші орынды Арнұр Саматұлы қанжығасына басты.

Бұл жарыстың ерекшелігі – төртінші, бесінші келген шабандоздар да марапатсыз қалмады және көрермендер ұлттық киім байқауын тамашалады.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қағталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №93

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ